

Білім беру саласы:	Таным	
Ұйымдастырылған оқу қызметі:	Математика негіздері	
Тақырыбы:	«Көктемгі саябақ» Кеңістікті бағдарлау.	
Оқу мақсаты:	Мақсаты: Топ болып бірлесе жұмыс жасауға тәрбиеленеді. Команда да бірлесе жұмыс жасауды үйренеді. Өзіне тікелей жақын кеңістік бағыттарын анықтайды.	
Күтілетін нәтиже:	Жаңғыртады: Кеңістік бағдарлау түсінігі қалыптасты.	
	Түсінеді: Балалар жоғары, төмен, оң жақ ,сол жақ сөздерінің мағынасын түсінді.	
	Қолданады: Ойын тапсырмалар арқылы кеңістікті тауып, көрсетті.	
Ойлау деңгейі:	Білу, түсіну, қолдану, жинақтау	
Әдіс -тәсіл	Ойын түрлері, бақылау, саралау, 4К Сыни ойлау Жұптастыру	
Ұ.О.Қ.басы: 1 мин	Жоспарланған жұмыс іс- әрекеті. Сәлемдесу. «Ой қозғау» әдісі Балалар мен сендерге қызықты жұмбақ жасырамын. Егер жұмбақ шешімін дұрыс тапсаңдар, мына сиқырлы тақта ашылады да жұмбақ шешімі шығады. Жұмбақ: Қар мұз еріп, су көбейіп, Сай салаға толады. Бүршік жарып жарық ашып, Гүл бәйшешек басады. (Көктем) Ашық сұрақтар. Бала үні Көктем мезгілі. 2 сурет: Көктемгі саябақта көп ағаштар өсіп тұр. - Біздің оң жағымызда өсіп тұрған ағаш қандай екен? Биік ағаш. - Ал сол жақтағы ағаш қандай? Аласа ағаш. Жоғарыға қарайық. - Жоғарыда нені көріп тұрсыңдар? Құстар ұшып жүр. - Қане, санайықшы, қанша құс ұшып жүр екен? 1, 2, 3, 4, 5 жарайсыңдар. Төменде көктемнің алғашқы гүлі қандай гүл өсіп тұр? Бәйшешек гүлі өсіп тұр.	Ресурстар Флипчарт. Штор
Өткенге шолу: 2 мин		

5 мин	Қәне кері санайық. 5,4,3,2,1. Көктем мезгілі бізге көптеген тапсырмалар дайындап қойыпты. Тапсырмаларды орындау үшін топқа бөлінеміз. «Топтасу» әдісі Біз бүгін геометриялық пішіндер арқылы топқа бөлінеміз. 1.Шаршы 2.Үшбұрыш 3.Шеңбер 4.Сопақша Негізгі бөлім: 1-Шаршы тобы: Құрылымдалған ойын: Б.Қ.Игенбаеваның дамыту ойын құралдары (Интеллектум ойындары) Тақырыбы: «Түрлі-түсті бөлшектер» Мақсаты: Ұқсас бөлшектерді үлгіге қарап таңдап, кеңістікті бағдарлауды үйренеді. Шарты: Ағаш,гүл,құсты құрастыру арқылы кеңістікті бағдарлайды. Сыни ойлау, жаппай бақылау,мазмұн арқылы саралау. 2-«Үшбұрыш» тобы Құрылымдалған ойын: Тақырыбы: «Көбелектер» Мақсаты: Екі түсті көбелектерді таба отырып, санауды үйренеді. Шарты: Ойын екі текше арқылы анықталған түстерге сәйкес көбелектерді табады және жинаған көбелектерді санайды. Сыни ойлау, жаппай бақылау, оқу процесі арқылы саралау. 3-«Шеңбер» тобы Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Тақырыбы: «Кеңістікті қабылдау» 08 жаттығудан 2-3 тапсырмалары. BILIMLEND «нетбук» арқылы орындайды. Мақсаты: Бейнероликтің тапсырмасын орындау барысында оң жақ ,сол жақ бағыттарды ажыратуды үйренеді. Шарты: Берілген тапсырмаларды мұқият тыңдап, орындап шығады. Сыни ойлау, жаппай және тікелей бақылау, 4-Сопақша тобы Құрылымдалған ойын: Тақырыбы: «Араға көмек» Мақсаты: Балалардың сыни ойлауы, санау	Слайд
-------	--	-------

	дағдысы қалыптасады. Шарты: текшедегі санға сәйкес асық арқылы жол жүріп, араны гүлге қондырады. Сыни ойлау, жаппай бақылау. Сергіту сәті: Бір –таңертең тұр Екі –шынығып бекі Үш-тазала тіс Төрт –сабындап жу бет Бес-сүртін тез Алты – төсекті жина Жеті- киін енді.	Іс-қимылмен жасайды.
3 мин. Ұ.О.Қ соңы 1мин	Қорытындылау Флипчартпен ойын: «Сәйкестендір» Мақсаты: Суреттің санын санай отырып, санмен сәйкестендіруді үйренеді. Шарты: Перне тақтадан суретпен санды сәйкестендіреді. Ашық сұрақтар: -Балалар біз саяхатқа қай жаққа бардық? -Біз қандай тапсырмалар орындадық? - Кеңістік дегеніміз не? - Қай тапсырма қызықты болды? Бала үні, кері байланыс, рефлексия, Мадақтау. Көктем мезгілі сендерге өте риза. Сендер тапсырмаларды жақсы орындағандықтан сендерге сый дайындап қойыпты. Тақтадан құс шығып сөйлеп, алғысын айтады да, артынша Бәйшешек гүлі шашылады. Енді балалар саяхатымыз аяқталды, балабақшамызға оралайық.	Балалар кері байланыс береді.

